



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Исламдағы теологиялық тартыстар





Дәрістің мақсаты: философтардың Ислам әлеміндегі көзқарастарымен таныстырып, бір-біріне сәйкес емес ойлары туралы әңгімелеу.

Сабақтың негізгі терминдері: калам, мазхаб, фалсафа, улем, суфизм.

Калам – исламдағы діни-философиялық тақырыпқа арналған кез келген кең мағынадағы пікір. Кең шеңберде – ислам жағдайын ақыл тұжырымы негізінде түсіндіретін, сонымен қатар, ақыл тұжырымы аян доктринасымен сәйкес келтірілетін рационалдық мұсылмандық философия.

Мазхаб – исламдағы шарифат құқығы мектебі.

Фалсафа – грек философтарының әдістері мен ислам дінінің ережесіне сүйеніп, дүниенің жалпыға бірдей заңдылығын тануға тырысу және соларға сәйкес өмір сүру.

Улем – (араб. «алим» – қаз. «ғалым») – «білетін, ғалым», көп. сан. «уляма») – мұсылман елдерінде діндарлар мен заңгерлер сословиесінің өкілдері, исламның теориялық және практикалық жақтарының білгірлерінің жиынтық аты.

Суфизм – исламдағы мистикалық-аскеттік бағыт, исламға дейінгі жергілікті тәжірибе мен ілімді қамтыған адамның рухани жетілу жолы.

Ханбали нақылы. Карен Армстронг былай дейді: «Ибн Ханбал Құдайы туралы қандай да бір рационалдық тартысқа түсуден бас тартты. Мутазиланың «шындығында Құран Құдайдың сөзі ретінде жаратылмаған, бірақ адам оқыған кезде жаратылған қыры пайда болады» деген бітімге шақырған көзқарасты ұсынғанда, Ибн Ханбал бұл пікірді де жоққа шығарды... Рационалды тәсіл ақылға сыймайтын Құдайды танып-білуге жарамайды.

Мутазила ақылы. Мутализилизм рационалдық мұсылман философиясы болып табылатын каламның негізгі бағыттарының бірі. Каламдағы дін ережелерін ақылмен түсіндіру көптеген мұсылмандарды алаңдатты. «Исламда калам бәрібір батыс христиандықтағы теология сияқты емес. Алғашында мутазилиттерді қолдаған Аббас әулетінің халифтері көп өтпей олардың доктриналарын мұсылмандарға таңа алмайтындарын түсінді. Халық оларды «қабылдамай қойды». Рационализм исламдық ой-танымға орта ғасырдың бүкіл кезеңінде ықпал етіп келді, алайда мұсылмандардың көп бөлігі бұған күмәнмен қарады. Сондықтан ақылды басшылыққа алғандар әрдайым азшылық болып қалды», – деп К. Армстронг ой түйеді.

Исламдағы файласуфтар. Дәстүршілдер Құдайдың мәніне жетуде логика пайдалы бола алмайды деп шешті. Файласуфтар бұған қарама-қарсы қорытындыға келді. Олардың ойынша рационализм – діннің ең ғажап формасы. Қазіргі таңда ғылым мен философия дінге қарсы деп қабылдау басым. Алайда ислам файласуфтары тақуа болды әрі өздерін Пайғамбардың сенімді ізбасарларымыз деп санады. Діндар мұсылман болды әрі саяси сергек еді. Сарайдағы салтанатқа жиіркене қарайтын және қоғамды сау ақылдың әміріне сай жаңаша құруға ұмтылған. Файласуфтардың дінді жою ниеттері жоқ еді. Олар дінді тек қарадүрсін хәм тар шеңберден шығаруға тырысты... Файласуфтар жаңа көзқарастарын салтанат құрушы исламдық сеніммен байланыстыруға тырысты. Грек идеяларымен рухтанып, Құдай туралы революциялық түсініктер қалыптастырды. Бірақ олар тудырған «рационалды Құдай» түсінігінің күйреуі бізге діни ақиқаттың табиғаты жайлы маңызды сабаққа толы. Файласуфтар бұған дейінгі монотеистердің бәрінен әлдеқайда сақ еді», – деп жазады К. Армстронг. Олардың тәжірибесіне мұқият үңілу керек.

Батыста Авиценна деген атпен әйгілі Әбу Әли ибн Сина (980–1037) Бухара (Орталық Азия) маңында шиит қызметкерінің отбасында дүниеге келген және бала кезінен бастап әкесінің қонақтарының теологиялық пікірталастарын естіп өскен. Ол өте дарынды болды: он алты жасында ол әйгілі дәрігерлерге кеңес берді және он сегіз жасында математиканы, логиканы және физиканы жетік меңгерді. К. Армстронгтың сөзі бойынша, «Ибн Сина ислам империясын аралай жүріп, билеушілердің құзырет-қалауына тәуелді болды және қарапайым дәрігер-перипатетиктің өмірін сүрді. Бірде ол шииттердің қазіргі Батыс Иран мен оңтүстік Ирак жерлерін билеген әл-и-Буи (Бувейһилер) әулетінің сарай уәзірі болды... Ғажап ақыл иесі ибн Сина қатып қалған тақуа емес еді; сезім рақатына бөленгенді ұнататын». Оның «Медицина ғылымының



каноны» еңбегі ғасырлар бойы Батыстың дәрігерлерінің анықтамалық кітабы болды және дәстүрлі шығыс медицинасында әлі де қолданылып келеді.

Ғазали не дейді? Исламға ғана емес, христиандық пен иудаизмге де ерекше ықпал еткен тағы бір мұсылман ойшылы – әл-Ғазали еді. К. Армстронг оның өмірінің негізгі орнын былайша сипаттайды: «Егер ақыл Құдай туралы ештеңе айтуға күші жетпесе, онда теологиялық тақырыптарда логикалық тартыстарға түсудің не қажеті бар? Бұл мәселе мұсылмандардың ойшыл, діни философия тарихында шешуді орын иеленген ғасыр тұлғасы Әбу Хамид әл-Ғазалиді (1058–1111) әрдайым мазалайтын. Хорасан тумасы әл-Ғазали атақты әшари ғалымы әл-Жуайнидің жол көрсетуімен калам ілімін меңгерді және отыз үш жасында-ақ Бағдаттағы Низамия медресесін басқарды. Оның міндеті сунни доктриналарды шииттердің исмаилиттік шабуылдарынан қорғау болды. Әл-Ғазали тынымсыз қасиетке ие еді: ол ақиқатты адам айтқысыз қажырлықпен іздеді, шынайы азаптана діни проблемалармен айналысты және ешқашан қарапайым және қолайлы жауаптармен қанағаттанбады. Ол былай деп ақтарыла сөйледі:

«...мен мәңгілік тұңғыық терең теңізге сүңгідім, қаһармандай түбіне үңілдім, ми-батпақ қараңғы сұрақтарға шомдым, кез келген проблемаға қарсы жүрдім, кез келген қиындықты бұзып-жардым».

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Ғылым мен дінді ұштастыруға бола ма? Файласуфтар бұған қол жеткізді ме?
2. Аврамдық діннің Құдай Аяны және грек философтарының Құдайлары сәйкес пе?
3. әл-Фараби «Қайырымды қаланы» қалай елестетті?
4. Диспут ұйымдастырыңыз: Құдайдың барын ұтымды дәлелдеуге бола ма?
5. Ибн-Сина пікіріне және басқа ойшылдар пікіріне сүйеніп, «кім жоғары: пайғамбар не философ?» тақырыбына диспут ұйымдастырыңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Мутазилиттер және Ахмад ибн Абдал арасындағы қарама-қайшылықтың мәні неде болды?
2. Фалсафа деген не?
3. Файласуфтар неге ұмтылды?
4. «Қайырымды қала тұрғындары» трактатында әл-Фараби қай философтың идеясын қолданды?